

Арал қаласының көшелері мен тұйық көшелерін қайта атау туралы

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 20 шілдедегі №360-қ қаулысы және Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 шілдедегі №170 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 шілдеде №6395 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 5-1-тармақшасына сәйкес және Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 12 маусымдағы №2 қорытындысы негізінде, Арал ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Арал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Арал қаласының мына көшелері мен тұйық көшелері:

- 1) "А. Чехов" көшесі "Әбдіраман Байтаханов" есімімен;
- 2) "М. Нұржаубаев" тұйық көшесі "Нұрғали Бекжанов" есімімен;
- 3) "Ы. Жақаев" тұйық көшесі "Лепес Қалиев" есімімен;
- 4) "Школьная" көшесі "Астана" атауымен;
- 5) "Путевая" көшесі "Қаракұм" атауымен;
- 6) "Я. Свердлов" тұйық көшесі "Бәйтерек" атауымен;
- 7) "Моставая" тұйық көшесі "Сарыкөл" атауымен;
- 8) "В. Комаров" көшесі "Сарышоқы" атауымен;
- 9) "В. Чкалов" көшесі "Қамыстыбас" атауымен;
- 10) "Жеңістің 50 жылдығы" көшесі "Қосарал" атауымен қайта аталсын.

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арал ауданының әкімі

М. Оразбаев

*Арал аудандық мәслихаттың кезекті жиырма
жетінші сессиясының төрағасы*

Ж. Жалғасбаев

Арал аудандық мәслихаттың хатшысы

Д. Мадиев